


«Келісілді»
Бақылау кеңесі
Нұр - Сұлтан қаласы
әкімдігінің ШЖҚ" № 3
көпбейінді қалалық аурухананың



2021 жылғы «22» сәуіртақсан

2021 жылғы «22» сәуіртақсан

Нұр - Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ "№ 3 көпбейінді қалалық аурухана" МКК ақылы медициналық қызмет көрсету туралы ережесі

Осы ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес әзірленген. Ақылы медициналық қызметті іске асырған кезде медициналық ұйым медициналық қызметпен айналысу лицензиясын, мемлекеттік қайта тіркеу куәлігін басшылыққа алады.

Осы ереже медициналық ұйымның ақылы қызмет көрсету ережесін және ақылы қызметтен түскен түсімді пайдалану тәртібін анықтайды.

Халыққа кең көлемде ақылы қызмет көрсету шаруашылықтың экономикалық тиімді нысаны болып табылады. Ақылы қызмет Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарын білікті медициналық көмекпен қамтамасыз ету, аса ыңғайлы емдеу жағдайын құру үшін № 3 көпбейінді қалалық аурухана кадрлық, материалдық, қаржылық ресурстарын тиімді пайдалану қажеттілігін аса тиімді қанағаттандыру мақсатында енгізілген.

Ақылы қызметке тариф бекіту тәртібі

Әр ақылы қызмет түрінің баға прейскуранты №3 көпбейінді қалалық аурухананың бақылау кеңесімен келісілген.

Медициналық ұйымның ақылы қызмет түрінің тізбесі

Медициналық ұйым Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары мен заңды тұлғаларына келесі ақылы қызмет түрін көрсетеді:

Ақылы қызмет атауы	Ақылы қызмет көрсететін тұрғындар және заңды тұлғалар категориясы	Ескертпе
Дәрігердің кеңес беру	Клиникалық хаттамалардан	Тәжірибелі және білікті

қабылдауы; хирургиялық профиль, терапиялық профиль ж.т.б.	жоғары тәжірибелі және білікті дәрігерден кеңес алғысы келген барлық тұрғындарға	дәрігердің міндетіне жатпайды
Зертхана қызметтері соның ішінде; Клинико-зертханасы зерттеу,бактериологиялық зерттеу,серологиялық зерттеу,ИФА зерттеу, ПЦР зерттеу,жалпыклиникалық зерттеу ж.т.б.	Шарт бойынша сақтандыру компанияларына, жеке меншік медициналық клиникаларға. Азаматтығы жоқ адамдарға. Пациенттердің өздерінің қалауы бойынша.Стационарлық емде болмаған пацietтерге.	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс. Дәрігердің және орта медицина қызметкерлерінің міндеттеріне кірмейді. МСАК мамандарының және денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы көмегі кезінде жолдамасыз.
Ультрадыбыстық және функционалды диагностикалық зерттеу соның ішінде; рентген және сәулелі диагностика, эндоскопиялық зерттеу ж.т.б.	Шарт бойынша сақтандыру компанияларына, жеке меншік медициналық клиникаларға. Азаматтығы жоқ адамдарға. Пациенттердің өздерінің қалауы бойынша.Стационарлық емде болмаған пацietтерге.	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс.
Емделу стационарлық бөлімдері бойынша соның ішінде; Босану, бақылау жүктілік, гинекологиялық, офтальмологиялық, урологиялық, хирургиялық, қызметтер реанимациялық, травматологиялық, патологоанатомиялық, қызметтер ритуалдық.	Қазақстан Республикасының резиденті емес азаматтарға. Шарт бойынша сақтандыру компанияларына, жеке меншік медициналық клиникаларға. Пациенттердің өздерінің қалауы бойынша.	Операция қауіп категориясы бойынша бөлінеді. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс. МСАК мамандарының және денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы көмегі кезінде жолдамасыз. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс. Дәрігердің және орта медицина қызметкерлерінің міндеттеріне кірмейді.
Медициналық киімді жуу	Медициналық ұйымдар шарты бойынша	қызметкерлерінің міндеттерінен жоғары
Төсек жабдықтарды дезинфекциялау	Медициналық ұйымдар шарты бойынша	КҚА№3 қызметкерлерінің міндеттерінен жоғары
Анықтама көшірмелерін жазып беру	Түпнұсқасын жағалтып алғандардың бәріне (түпнұсқа)	КҚА№3 мұрағатында ұзақ іздеуге қатысты дубликаттар жазып беру

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық қызмет түрінің тізбесі

Медициналық ұйым мемлекеттік бюджет есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде білікті арнайы тегін медициналық көмек көрсетеді және Нұр-Сұлтан қаласы және Ақмола облысының тұрғындары мен заңды тұлғаларына келесі тегін медициналық қызмет көрсетеді:

Медициналық қызмет түрі	Ескертпе
Клиникалық хаттамаға сәйкес тәулік бойынғы стационарлық көмек	Жоспарлы – медициналық ұйым жолдамасы болған жағдайда, шұғыл – толық түрде
консультативтік-диагностикалық көмек, арнайы және білікті амбулаториялық көмек (профилактикалық, диагностикалық және емдеу қызметі)	Қазақстан Республикасының барлық резиденттеріне.
Клиникалық хаттамаға сәйкес күндізгі	Медициналық ұйым жолдамасы бойынша

Ақылы қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігі туралы мәлімет

Ақылы қызметті медициналық ұйымның білікті қызметкерлері көрсетеді. Ақылы қызмет көрсетуге жеке штаттық бірлік бөлігін, бұдан басқа жүктеме шығындары есебінен штаттан тыс бірліктер қатысуы мүмкін. Ақылы қызмет көрсететін қызметкерлер ақылы қызмет көрсету есебінен еңбек ақы алады.

Дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлері 5 жылда 1 рет мамандандырудан және біліктілігін арттырудан өтеді. Пациенттің талабы бойынша ақылы қызмет көмегіне қатысатын медициналық қызметкердің біліктілігін нақтылайтын құжаттар ұсынылады.

Ақылы қызмет көрсету шарттары және ақылы қызметті есептеу тәртібі

№ 3 көпбейінді қалалық аурухана жұмыс режимі тәулік бойы, оған сәйкес ақылы қызмет көрсетуде тәулік бойы, амбулаториялық бөлімшелерде – ақылы қызмет көрсету бекітілген кесте бойынша жасалады. Медициналық қызметтер бекітілген диагностика және емдеу стандартына (хаттамаларына) сәйкес, егер болмаған жағдайда жалпы қолданылатын әдіспен көрсетіледі.

Ақылы қызметті көрсетуде МӘМС,ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсететін қызметкерлер ақылы қызмет бойынша штаттық және штаттан тыс лауазымға алынған қызметкерлермен тең қатыса алады.

Ақылы қызмет жүктеме-тапсырысы, бухгалтерияда толтырылған және ақылы қызметті тіркеу журналында тіркелген және қызмет көрсетуге ақылы қаражат алынғаны туралы қассалы құжат негізінде көрсетіледі. Төлем алдын ала медициналық ұйымның қассасына немесе банк арқылы жасалуы керек. Қолма-қол қаражат төлемі медициналық ұйымның қассасы арқылы міндетті түрде бақылау – фиксалды есте сақтағыш қасса аппараты және пациентке бақылау шегін беру арқылы жасалады, қолма-қол емес есеп кәсіпорынның есеп шотына банк арқылы жіберу жолымен жасалады.

Алынған медициналық қызмет көлемінен күтпеген өсу байқалған жағдайда пациент қасалы құжат көрсеткен сомманы қосымша төлейді.

Егер пациент алдын ала ақысы төленген ақылы медициналық қызметтен бас тартса, оған барлық төленген сомма немесе оның көрсетілмеген қызмет бөлігі өтініші негізінде, жүктеме-тапсырысында дәрігердің медициналық қызмет көрсетпегені туралы белгісімен (толық немесе жартылай) медициналық ұйым қассасына төлеген ақша сомасы туралы қассалық құжат беріледі.

Жеке және заңды тұлғаларға шарт бағасы бойынша шарт негізінде ақылы медициналық қызмет көрсетуге рұқсат етіледі.

Медициналық қызмет көрсетуді орындаушыға ақы төлеуге тиым салынады.

Медициналық ұйымда ақылы медициналық қызмет көрсету ережесін сақтау директордың бұйрығымен құрылған қадағалау жөніндегі комиссия қадағалайды. Бұл комиссия бұзылыстар фактісі бойынша акт жасап және кінәлі тұлғаларға айыппұл санкциясын салуға құлылы.

Заңды тұлғаларға ақылы қызмет медициналық ұйыммен жасалған шарт негізінде көрсетіледі. Медициналық ұйымға көрсетілген ақылы қызмет есебі ай сайынғы тапсырыс берушінің қызмет шот-фактурасы арқылы жасалады.

Ақылы қызмет көрсету кезінде кез келген медициналық ұйымның амортизация құны ақы қызмет тарифіне енген қажетті медициналық және басқада жабдықтары пайдаланылады.

Ақылы медициналық қызмет алатын пациенттерді емдеуге жатқызу ақылы бөлімшеде немесе ақылы палатада (жеке санитарлық желі және қысқа толқынды пешпен және тоңазытқышпен жабдықталған) жасалады.

Ақылы қызмет келесі жағдайда көрсетіледі:

- пациенттің қалауы бойынша диагностикалық және емдеу қызметі, оның ішінде медициналық-санитарлық алғашқы көмек және денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының жолдамасынсыз келген кезінде;
- Дәрілік құрал формулярына енбеген медикаментозды препараттармен емдеу кезінде;
- МӘМС, ТМККК тізбесіне кірмейтін қыбат медициналық зерттеу жүргізу кезінде;
- шетел және азаматтығы жоқ тұлғаларға жоспарлы және МӘМС, ТМККК жоғары медициналық көмек көрсету кезінде;
- оқуға және жұмысқа орналасу кезінде құжат рәсімдеп жүрген әйелдерді медициналық тексеру кезінде;
- шарт бойынша заңды тұлға, оның ішінде жеке медициналық сақтандыру бойынша қызмет көрсету кезінде;
- қосымша сервистік қызмет көрсету кезінде клиникалық хаттамалар және стандартынан тыс медициналық қызмет көрсету кезінде.

Ақылы негізде стационарға емдеуге жатқызу кезінде әр пациентпен Қазақстан Республикасы Заңнамасына сәйкес стационарға келу ережесі, құны және қызметті төлеу тәртібі, құқығы, міндеті мен жақтар жауапкершілігі көрсетілген шарт жасалады. Ақылы негізде медициналық көмек алған пациентке ауру тарихынан көшірме және көрсетілген медициналық көмек шығындары туралы ақпараты бар шығу қағазы беріледі.

Пациентті медикаментозды препараттармен қамтамасыз ету ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен дәрілік заттар формулярына кірмейді, пациенттің жазбаша келісімінің негізінде жасалады. Медициналық ұйымның бас дәрігерінің атына жазған пациенттің жазбаша өтініші негізінде, науқасқа дәрілік заттарды тағайындау парағы, дәрі құнын төлеу туралы құжат және бағасы және шығын құны көрсетілген қоймадан алу талаптары бойынша дәрі беріледі.

Ақылы қызмет бойынша тіркеу және есеп

Ақылы негізде медициналық көмек алған пациентке ауру тарихынан көшірме және стационарлық жағдайда көрсетілген көмек шығындары туралы толық ақпарат беріледі.

МӘМС, ТМККК шеңберінде емдеуге жататын, пациентке ақылы медициналық қызмет көрсетудің әр жағдайы оның ішінде ҚР ДСМ бекіткен дәрілік формулярға кірмейтін медикаментозды құралдармен қамтамасыз ету, медициналық құжатта (2020 жылғы 30 қазан ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен № 170/2020 бұйрығы бойынша 001/у және 005/у нысаны бойынша аурудың стационарлық

медициналық картасы, 012/у нысаны бойынша босану тарихы, 048у/и нысаны бойынша жүкті және босанған әйелдің жеке картасына, 004/у,020/у нысаны бойынша дәрігерлік тағайындау парағы) негізделуі және көрсетілуі керек.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бекітілген нысан бойынша ақылы қызмет көрсету кезінде статистикалық есеп және тіркеу-есептік құжат жүргізіледі.

Емханалық кәсіпорын есебіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және ақылы қызмет көрсету бойынша бухгалтерлік есеп және есеп жеке жүргізіледі.

Көрсетілген ақылы қызмет кірісін пайдалану шарты

Ақылы қызмет көрсету еңбекті бағалаудың жаңа қағидаларын енгізуге мүмкіндік береді, жаңа экономикалық жағдай әр маманның өз еңбек нәтижесіне көз-қарасын өзгертеді. Медициналық қызметкерлердің еңбек ақы төлеуін дифференциялауын енгізу медициналық ұйым жұмысының тиімділігін көтереді.

Медициналық ұйымның арнайы шотына кіріс түрінде түсетін ақшалай қаражат мына жағдайларда пайдаланылады:

- қызметкер еңбегіне төлем жүргізу және ынталандыру, оның ішінде салық және төлемдерге;
- емдеу үрдісіне, материалдық–техникалық базаны дамыту және нығайтуға ;
- мамандандырудан өту төлемі және бюджеттік лимиттан жоғары іссапарға;
- қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуге және іс–шаралар өткізуге.

Әр қызметкердің еңбегін төлеу соммасы көлемі, сапасына және соңғы еңбек нәтижесіне қарай бекітіледі.

Ақылы қызмет көрсетуден түскен ақшалай қаржы медикаменттер және тану материалдарын, қатты және жұмсақ инвентар, негізгі жабдықтар алуға, заңды және жеке тұлғалардың қызметін төлеуге, ағымдағы жөндеу жұмыстары, іссапар шығындарына жұмсауға болады.

Ақылы қызмет көрсетуден түскен ақшалай қаржы медициналық ұйымның негізгі қызметкерлеріне сыйақы беру және материалдық көмек көрсетуге пайдаланылады.

Материалдық көмек көрсетудің негізі жеке өтініш негізінде бас дәрігердің қолы қойылған бұйрық болып табылады.

Ақылы қызмет көрсетуге қатысқан қызметкерлердің еңбегін төлеу шарттары

Ақылы қызмет көрсететін медициналық ұйым қызметкерлерінің еңбегін төлеу көрсетілген қызметтің сапасы мен санына сәйкес жасалады, еңбектің соңғы нәтижесі шарт негізінде анықталады.

Ай сайын бөлімшенің (бөлме) аға акушері немесе аға мейірбикесі бухгалтерияға ақылы медициналық қызмет көлемі есептелген орындалған жұмыс актісін тапсырады. Сондай-ақ есеп жасалады: стационарда емдеу 1 бірлік жұмыс уақыты – 1 сағат, операцияға, босандыруға, зерттеу немесе манипуляция – 1 қызмет.

Еңбекті төлеу сомасы еңбектің соңғы нәтижесінің көлемі, сапасына қатысты бекітіледі.

Әкімшілік-басқару және қызмет көрсететін қызметкерлері үшін медициналық қызметкерлердің ЕТҚ жағынан ынталандырушы еңбек ақы төлеу қорын ынталандыруды (мотивалаушы) анықтау үшін медициналық ұйым тиімді қызмет жүргізу мақсатында ақылы қызмет көрсету үшін ұйымдастырушылық-техникалық жағдайды құру.

Консультативтік және практикалық көмек, ұйымдастыру жұмысы, жасалған ақылы қызмет көлемін және сапасын тіркегені, қиын жұмысы үшін бас дәрігерге, оның орынбасарлары мен бас бухгалтерге лауазымдық ақы мөлшерінен 100% үстеме ақы төленеді.

Жұмыс көлемінің өсуі, қиын жұмыс, қосымша лауазымдық міндеттер, аурулардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікті көтеру үшін ай сайын бөлімше дәрігерлеріне нақты істелген жұмыс уақытына лауазымдық ақы мөлшерінен 50%-ға дейін үстеме ақы төленеді.

Медициналық ұйым көрсетілген ақылы қызметтен түскен қаржының түсім және шығын жағына Денсаулық сақтау басқармасымен келісілген смета құрады.

Көрсетілген ақылы қызметтен түскен қаржыны қайтарымызсыз мына шығындарға жібереді:

- ақылы қызмет көрсетуге қатысқан қызметкерлердің еңбек ақысын төлеуге;
- қосымша және ынталандырушы ақшалай төлемдерге;
- компенсация сипатындағы төлемдерге;
- іссапар шығындарының төлемдеріне;
- медициналық мақсаттағы медикаменттерді, шығын материалдары және басқа да құралдарды алуға;
- тағам өнімдерін алуға;
- коммуналдық қызмет, байланыс қызметі, жылу, электрэнергиясы, ғимаратқа қызмет көрсету бойынша қызмет, көлік қызметінің төлемдеріне;
- ғимараттың ағымдағы жөндеу жұмыстарына, қосымша құрылыс және жабдықтар және инвентарь төлемдеріне;
- біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлауға;
- күрделі сипаттағы шығындарға;
- қызметкерлерге материалдық көмек көрсету және мерекелік іс-шаралар жүргізуге.

Материалдық көмек көрсету медициналық ұйымның негізгі қызметкеріне жеке өтініші бойынша бас дәрігердің оң визасы болғанда мына жағдайларда көрсетіледі:

- зейнеткерлікке шыққанда;
- мерейтой;
- жақын туысын жоғалтқанда;
- науқасытық, қымбат тұратын дәрілік зат алғанда;
- стационар бөлімшелерінде қажетті донорлық қан тапсырғанда;
- отбасының аса қиын қаржылық жағдайында.

ҚШІ бойынша директордың орынбасары



А. Мукатаева

Ақылы медициналық қызмет көрсетудің типтік шарты» 1-қосымша

Денсаулық сақтау жүйесінің медициналық ұйымдарында ақылы қызмет көрсету шарты

20__ж. "___" "___" "___"

(Орналасқан орны)

(Тегі, аты, әкесінің аты, пациенттің жеке куәландыратын құжаттарының деректері)

бұдан әрі қарай бір жағынан Тапсырыс беруші деп аталады, және

(мемлекеттік медициналық ұйымның толық атауы)

бұдан әрі қарай тұлға Орындаушы деп

аталады,

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

(Қаулы, Ереже және т.б.) негізінде қызмет ететін бір жағынан осы шартты жасасып (бұдан әрі - Шарт), төмендегі келісімдерге келді:

1. Шарт мәні

1. Орындаушы Шарттың __ қосымшасына сәйкес ақылы қызмет көрсетеді.
2. Тапсырыс беруші Шарттың __ қосымшасына сәйкес тариф бойынша жеткізіп беру шығындарын қайтаруды жүзеге асырады.

2. Көрсетілген ақылы қызметке айырысу тәртібі

3. Шарт соммасы _____ теңгені құрайды.
4. Тапсырыс беруші медициналық көмек көлемінің нақты көрсетілген жеткізу қызметіне төлем жүргізу Орындаушы берген есеп шотына төлеу арқылы жүзеге асырылады.
5. Орындаушыға Шарт жасасқан кезде Шарттың жолпы сомасынан 80 пайызға дейін көлемде аванс төлеуге рұқсат етіледі, ұсынылған шот бойынша қалған сомманы төлеу – стационардан шығару кезінде жүргізіледі.
6. Емдеу үрдісінде нақты көрсетілген медициналық көмектің көлемі есебінде қажет болған жағдайда шарт соммасын өзгертуге болады, қосымша сома және оны төлеу пациентпен келісіліп және шартқа қосымша келісім ретінде рәсімделеді.
7. Орындаушы Тапсырыс берушіге қолма қол ақша алғанын (фискалдық шек, тіркелген-кассалық ордер) дәлелдейтін құжат береді.
8. Емдеу курсы егер мезгілінен бұрын аяқтаған кезде, стационарға келудің бекітілген тәртібін науқас бұзуынан мезгілінен бұрын шығарудан басқа жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге төленген сомма арасындағы және медициналық көмектің нақты көрсетілген құнының айырмашылығын қайтарады.

3. Жақтар міндеттері

9. Орындаушы міндетті:
 - науқасты диагностикалау және емдеу аралық хаттамаларына сәйкес, егер хаттамалар болмаған жағдайларда жалпы қолданыстағы медициналық айғақтар бойынша медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;
 - пациентті емдеу нәтижесімен аса жоғары қанағаттандыру деңгейін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдауға;
 - жасалып жатқан емдеудің осы немесе басқа көмегін көрсету жағдайы болмаған кезде, осы қызметті басқа медициналық ұйымның көрсетуін ұйымдастыру және төлеуге;
 - Тапсырыс берушіге бекітілген мерзімде бекітілген медицина және сервис қызметінің түрі көрсетілген шотты беруге;
 - Тапсырыс берушіге барлық осы шарттың орындалуын тексеру жүргізу үшін қажетті медициналық және қаржылық құжаттарды ұсынуға.
10. Тапсырыс беруші міндетті:
 - дәрігерлік тағайындауларды орындауға, ауруханалық режимді сақтауға;
 - көрсетілген медициналық көмекке уақытылы төлем жүргізуге.

4. Жақтар құқығы

11. Тапсырыс беруші құқылы:
 - ақылы бөлімшеде (палатада) қызмет көрсететін қызметкерлер ішінен емдеу дәрігерін таңдауға;

жасалған емдеу сапасына және дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сараптама жүзеге.

12. Орындаушы құқылы:

Тапсырыс беруші аурухана режимін бұзған және дәрігерлік тағайындауларды орындамаған жағдайларда емдеуді мезгілінен бұрын тоқтатуға.

5. Жақтар жауапкершілігі

13. Орындаушы жауапты:

ақылы қызмет көрсету бойынша бұзылыстарды жіберген жағдайда (медициналық қызметті тиіссіз көлемде және сапасыз көрсету, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін қызмет төлеміне азаматтардың келісімі, көрсетілген бір және сол медициналық қызметке екі рет төлем жасау түсіністігі: пациент және бюджеттік қаржы).

14. Тапсырыс беруші Орындаушыға нақты көрсетілген медициналық көмек көлемінің шығындарын уақытылы төлемеген жағдайда жауапкершілікке тартылады.

15. Орындаушы жағынан медициналық көмек көрсету бойынша Шарт мәнін бұзған жағдайда Шарттың жойылуы және Орындаушы тұрақсыздығы үшін Шарт сомасынан _____ келемінде төлемдер төлеуі мүмкін.

16. Тапсырыс беруші жағынан медициналық көмек көрсету бойынша Шарт мәнін бұзған жағдайда Шарттың жойылуы және Тапсырыс беруші тұрақсыздығы үшін Шарт сомасынан _____ келемінде төлемдер төлеуі мүмкін.

6. Шартты өзгерту және бұзу

17. Жақтардың жазбаша келісімі бойынша осы Шарттың шарты өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

18. Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы жақтар бірі-біріне ертерек ескертуге міндетті.

7. Қорытынды ереже

19. Ешқандай жақ осы Шарттағы өз міндеттерін үшінші жаққа келесі жақтың жазбаша келісімінсіз беруге құқығы жоқ.

20. Осы Шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалған, бір данасы – Тапсырыс берушіде, екіншісі – Орындаушыда.

21. Осы Шарт қолданысқа жақтар қол қойған сәттен еніп және осы Шарттағы барлық міндеттер орындалған сәтке дейін қолданыста болады.

8. Жақтардың мекенжайы және реквизиттері:

Орындаушы:

Тапсырыс беруші:

